

«М.А.Гендельманның 110 жылдығына арналған «Сейфуллин оқулары – 19» халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының материалдары = Материалы международной научно-практической конференции «Сейфуллинские чтения – 19», посвященной 110 - летию М.А. Гендельмана». - 2023. - Т.І, Ч.І.- Б. 334-336.

УДК 664

АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ ТАМАҚ ӨНЕРКӘСІБІ ДАМУ КЕЗЕҢІНДЕ

Қуантай М. Қ., студент

Омарова В.У., оқытушы

*Ш.Берсиев атындағы Ақтөбе жоғары ауыл шаруашылығы колледжі,
Ақтөбе қ.*

Ақтөбе облысында азық-түлік өндірісі жылдам қарқынмен дамып келеді. Жыл сайын өңірде тамақ өнеркәсібі бағытындағы жаңа кәсіпорындар ашылып, ежелгі өнеркәсіптер өндіріс ауқымын кеңейтуде. Өңірдегі сондай ірі кәсіпорындардың бірі – "Rokos" шұжық өндіру цехы. "QMDB Halal" стандарты бойынша сертификаттаудан өтуге өтініш білдірген, шұжық өндіруші кәсіпорында тыңғылықты тексеріс жұмыстары жүргізілді. Аталған кәсіпорынның шұжық өнімдерін өндіру, өңдеу, дайындау, сақтау, тасымалдау, сақтау, сату кезеңдері түгелдей қадағаланып, шикізаттары мен тағамдық қоспалары "Treegene" молекула-гентикалық зертханасында сынамадан өткізілді.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына Жолдауында 70 пайызға жеткен ауыл шаруашылығы экспортының шикізаттық бағытынан бас тарту қажеттігін атап өтті. Бұл ретте өңдеуші кәсіпорындар 40 пайызға ғана жүктелген. Осы орайда ол ет, жеміс-жидек, көкөніс, қант, дәнді дақылдар, майлы дақылдар, сүт өнімдерін өндіру және өңдеу бойынша ірі экожүйелер желісін қалыптастыруды тапсырды.[2]

Осы мәселелерді шешу үшін ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешенді дамытудың 2021-2025 жылдарға арналған ұлттық жобасын іске асыру шеңберінде ішкі нарықты әлеуметтік маңызы бар отандық өндірілген азық-түлікпен 80 пайызға толтыру міндетін қойды.

Өнімдер, соның ішінде басқа елдерден көбірек импортталатын өнімдер. Бұл ең алдымен құс еті, шұжықтар, ірімшіктер, сүзбе және қант. 2025 жылға қарай өңделген өнім экспортының көлемі 2 214 миллион долларға жетеді. Экспорттық тауарлар тізіміне ұн, күнбағыс және рапс майы, макарон өнімдері, мақта талшығы, балық филесі кіреді. Қазақстандықтардың шығынының жартысынан көбі тамаққа кетеді. Ал бұл пайыз жыл сайын өсіп келеді. Бұл бір жағынан елде жалақының өте төмен екенін, ал екінші жағынан өмір сүру деңгейіне қатысты өнімдердің қымбат екенін көрсетеді. Сондықтан, ең алдымен, өзіміздің тамақ өнеркәсібін дамыту керек.[2]

Адамдар болашақты аз ойласа, олар аз ақша жинайды, бұл сұраныстың төмендеуіне әкеледі және тауарлардың ассортименті азаяды. Қазақстандағы азық-түлік өндірісінің қуаттылығы аз, ал шетелден долларға сатып алынатын өнімдердің импорты артып келеді, бұл да теңгеге қысым жасауда. Бір ғана қорытынды бар – өзіміздің тамақ өнеркәсібімізді дамыту керек. Әсіресе қазір тұрақсыз геосаяси жағдайды ескерсек. Ұлттық кәсіпкерлер палатасының зерттеуіне сәйкес, Қазақстандағы тамақ өнеркәсібі кәсіпорындарында айналым қаражаты жеткіліксіз. Жергілікті тауар өндірушілердің шикізаты Қытайға қарағанда сапасыз, кейде қымбатырақ. Сондықтан азық-түлік өндірушілер оны шетелден сатып алуға мәжбүр. Бұл ретте жоғары сапалы шикізат сыртқы нарыққа, сол Қытайға кетеді. Бұл тұйық шеңбер. [2]

Республикада шашыраңқы шаруашылықтар көп. Мәселен, шағын тауарлы-сүт фермаларының шикі сүті сапасыз, майлылығы жеткіліксіз екені бірнеше рет айтылды.

Сонымен қатар, оның «тазалығын», яғни сиырдың не жегенін, оған қандай антибиотиктер бергенін тексеру қиын. Тиімділік пен одан әрі даму үшін шағын шаруашылықтар бірігуі керек. Мұндай ынтымақтастық Беларусьте өзін дәлелдеді. Онда іс жүзінде шағын шаруашылықтар жоқ, барлығы Белгоспищепромның қолында.

Сол ірі сүт фермалары мал бордақылаумен айналысады, оларда толық цикл бар. Қазақстанда өздерінің жабық тізбегі бар кәсіпорындар өте аз: фермалар, сиырлар, бордақылау алаңдары, өндіріс. Бүгінде бұл салада ірі бизнесті мемлекеттік қолдау шаралары өте аз. Олар негізінен шағын және орта бизнесті қолдайды. Сонымен қатар, кез келген басқа саладағы сияқты, «ең мықтының аман қалуы» принципі жұмыс істеуі керек. Мысалы, тамақ өнеркәсібі кәсіпорындары үшін шығарылатын өнімнің ең төменгі шегін белгілеу қажет. Мысалы, сүт бойынша бұл деңгей тәулігіне кемінде 100 тонна, ет үшін – 80 тонна шамасында болуы мүмкін. Батыста зауыт тәулігіне 500 тонна сүт өндірсе, ол тиімсіз деп есептейді. Бұл модель арқылы Қазақстан тиімсіз салаларға мемлекеттік қолдау көрсетуден құтыла алады. Екінші жағынан, Қазақстанға мемлекеттік шектен шығудан құтылу керек деген пікір бар. Субсидиялар жақсы, бірақ нарық өз заңдарымен өмір сүруі керек. Мүдделі кәсіпорындар еңбек ресурстары мен ауылшаруашылық жерлері бар шаруаларға ғана тұқымдарды, агрохимиялық заттарды, технологияларды өздерінен беруі керек. Мұндай келісім-шарттық шаруашылық институты болғанда ауыл шаруашылығы, тамақ өнеркәсібі дамиды. Логистика маңызды тежеуші фактор болып табылады.

Қазақстан жерінің үлкен екенін ескерсек, шикізатты бір нүктеден екінші нүктеге жеткізген сайын «алтынға» айналады. Барлық дерлік құрал-жабдықтар мен шикізаттың бір бөлігі шетел валютасына сатып алынады, ал айырбас бағамының тұрақсыздығын ескерсек, бұл отандық тауар өндірушілер үшін қымбатқа түседі.

Мәселелердің қатарында ірі бөлшек сауда орындарының сөрелеріне «кіру» қиындығы жатады. Бөлшек сауда желісіне кең қол жетпегендіктен, азық-түлік қызметкерлері өз өнімдерін шетелдік желілерге береді. Ешқандай

реттелмеген делдалдардың ұзақ тізбегі де тауардың соңғы бағасының өсуіне әкеледі. Ақылға қонымды пайыздық ақша да бизнес үшін қолжетімсіз болып қалады. Сонымен қатар, білікті кадрлар тапшылығы байқалады.

Тамақ өнеркәсібін дамыту үшін ауыл шаруашылығы ғылымын сапалы жаңа деңгейге көтеру қажет. Ол шаруалармен тығыз жұмыс істеуі керек. Бірақ әзірге әркім өзінше.

Республикада ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеуді дамытуды тежейтін негізгі себептердің қатарында бір-бірімен технологиялық байланысқан өндірістердің аумақтық бытыраңқылығы жатады. Бұл шикізат базасының мол әлеуетін тиімді пайдалануға және халықтың азық-түліктің негізгі түрлеріне қажеттілігін толық қамтамасыз етуге мүмкіндік бермейді.

Ақтөбе — «Ауылдық бизнесті несиелендіру» жобасына қатысушы ретінде іліккен 5 облыстың бірі. Биылғы оны қаржыландыруға ұзын саны 1240 миллион теңге бөлінген. Пилоттық жобаның ерекшелігі сол, бір адамға 6 миллион теңгеге дейін қарыз беріледі. Бүгінгі таңда 293 жоба мақұлданып, 938 миллион теңге игерілді. Биыл бизнестегі 12 адамға 24 миллион теңге сомасына грант берілді. Олар негізінен ауылшаруашылық, медицина салалары, балық шаруашылығы бойынша жобасын жүзеге асыруды жоспарлауда. Соның ішінде аудандарға кеңінен тоқталсақ, Ойыл мен Қарғалының бәсі жоғары. Сонымен бірге, Әйтеке би, Алға, Байғанин, Темір аудандарының бұл жағынан көрсеткіштері жаман емес. Олардың әрқайсысының ұтып алған гранты шынымен атауға тұрарлық. Мысалы, Қарғалы ауданында «Эко Агро» шаруа қожалығы жоғары технологиялардың көмегімен балық пен өсімдіктерді өсіруге ден қойғалы отыр. Мемлекеттің ұсынған қайтарымсыз қаржысына қарғалылық тағы бір кәсіпкер «Фриго» технологиясы бойынша құлпынай өсіруге мүмкіндік алды. [1]

Тағы бір айта кетерлігі, биыл грант алуға ықылас танытқандардың арасында кәсіпкер әйелдердің саны басым. Оның үстіне, олардың көпшілігі ауыр өнеркәсіпті таңдағандар. Бұл да болса, біздің облыста қыз-келіншектердің ерекше белсенді екенін байқатса керек.

Осы орайда қоғамдағы мүмкіндігі шектеулі жандардың да назардан тыс қалмай жатқанын айтпай кетуге болмайды. Осы жылы сондай 5 кәсіпкер мемлекеттік грантқа ие болды.

Мәселен, мемлекеттің демеуіне Мұғалжар ауданындағы таза су өндіретін цех ие болды. Жергілікті жерлерден алынатын бұл ауызсу тұрғындарды жұмыспен де қоса қамтып отыр. Мемлекеттен оған субсидияға 37,4 миллион теңге қарастырылды.

Ал Хромтау ауданындағы «Агрофирма «Тау» ЖШС — ақтөбеліктерді сүт өнімдерімен қамтамасыз етеді. Аталған кәсіпорынға «Бизнестің жол картасы — 2020» бағдарламасы бойынша жеңілдетілген пайызбен несиелендірілді.

Облыстық статистика департаментінің соңғы мәліметіне қарағанда, аймақта заңды түрде тіркелген кәсіпкерлердің саны — 59 мың. Соның ішінде 50 548-і осы күні белсенді жұмыс істеп тұр. Олардың бағыты әрқилы. Бірақ, негізінен Ақтөбеде өндіріс жақсы дамыған. Әсіресе, құрылыс саласы, тамақ

өнеркәсібі, ауылшаруашылық өнімдерін өңдеу мен дайындауға қатысты қызметтер ерекше қарқын алып тұр. Бұл ретте «Рамазан», «Стройдеталь», «Дастан» секілді жауапкершілігі шектеулі серіктестіктерді атап өтуге болады. Олар — Тәуелсіздікпен бірге қалыптасқан кәсіпорындар. Соңғы жылдары кәсіпкерлерге арналған мемлекеттік бағдарламалар да көбейді. Оны оңтайлы пайдаланып, қызығын көруге ұмтылғандар да аз емес. Және, бір қуантатыны, облыста кәсіпкерлік тек сауда-саттықпен шектелмей, кең өріс алып келе жатыр. Біздің тауарларға шетелден, көршілес облыстардан сұраныс бар. Алдағы уақытта, соған сай, шағын логистикалық орталықтар мен жылыжайларды салуды жоспарланды. Яғни кез келген тұрғынға қолжетімді болуына баса мән беріледі.[1]

«Akva Max» серіктестігі құтыдағы су шығаратын зауыт ашты. Жобаның қуаттылығы — сағатына 5 мың бөтелке. Сол сияқты «Ақшатау.kz» компаниясы пробиотикалық өнім өндіретін «Maxillin» зауытын іске қосты. Сонымен қатар тізімде «Айс-плюс» компаниясының тәулігіне 25 тоннаға дейін сүзбе шығара алатын цехы, фермалар, базар мен сауда үйлері бар. Бұлардың барлығы — өңірді индустриялық-инновациялық жағынан дамытатын компаниялар [3]. Солардың бірі — құрамында пайдалы тағам қоспалары бар өнім өндіретін «Maxillin» зауыты. 2022 жылдың маусым айында ашылған кәсіпорынның басқалардан басты ерекшелігі — экспортқа ден қойғандығы. Қазіргі таңда 25 адам еңбек етіп жатыр. Олардың орташа еңбекақысы — 220 мың теңге. Ішкі нарықтан бөлек, айранды Ресей, Өзбекстан, Қырғызстан, Моңғолия елдеріне саудалайды. Өзге де мемлекеттерге сату жоспарда бар, қазіргі таңда келіссөздер жүргізіліп жатыр. Жалпы, зауыт күніне 5 тонна (шамамен 10 мың құты) сүт өнімдерін шығаруға қауқарлы. Осы бизнесті жүргізуге 1,5 миллион доллар инвестиция салынған.[3]

Тауарды брендке айналдыру оңай емес. Өйткені кәсіпкерлік жылдам дамитын, бүгін бізде шықса, ертең оны басқалар іліп әкететін сала, яғни онда жаңашыл болу қиын, бәсекелестер өте көп[4]. Дегенмен, басқа жерлерде шығарылса да, өзіміздікін ерекше етіп шығаруға мүмкіндік бар. Мысалы, барлық жерде де шығарылатын біздің шоколадтағы жентке сұраныс айтарлықтай. Себебі оның жарнамасы да, құрамы да өзгеше. Сол сияқты өзіндік ерекшелікпен іске асырылған дүниеге қашанда қызығушылық болады.

Біздің облыста өндірілген азық-түлік өнімдеріне көршілес облыстардан да қызығушылық, сұраныс бар. Бұл дегеніңіз үлкен мақтаныш әрі жауапкершілік. Ақтөбе облысындағы тамақ өнеркәсібі, басқа өңірлермен салыстырғанда көш ілгері.

Пайдалылған әдебиеттерізімі

1. Тамақ өнеркәсібінің шаңырағы тіктеледі/Ақтөбе газеті , 28 қыркүйек, 2016
2. Пищевая промышленность Казахстана на пороге перемен/
<https://mk-kz.kz/economics/2022/03/14/pishhevaya-promyshlennost-kazakhstana-na-poroge-peremen.html>
3. 2022 жыл: Ақтөбенің экономикалық әлеуеті қандай болды? Ақтөбе газеті, 31.12. 2022
4. Journal of Environmental Economics and Management. ISSN:0095-0696E-ISSN:1096-0449